

«Алтын адам-біздің тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі»

облыстық қашықтықтан интернет-сайысын өткізу

## ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Алтын адам-біздің тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі» облыстық интернет-байқауын (бұдан әрі – Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Байқаудың мақсаты: шығармашыл тұлғаны, оның ойлау жасампаздығы мен сонылығын дамыту.

1.3. Міндеттері: балалардың көркем шығармашылығын насихаттау; білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; баланы бейнелі ойлауға дамытуға ықпал ету.

1.4. Байқау «М.М.Катаев атындағы оқушылар сарайы» КМҚК өткізіледі

1.5. Байқауды ұйымдастырушылар әділ-қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

2.1. Байқау жұмыстары 2019 жылғы 25 қазан күніне дейін [metodotdeldsh@mail.ru](mailto:metodotdeldsh@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

2.2. Байқауға 2019 жылғы 25 қазаннан кейін түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

2.3. Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары, жеңімпаздардың педагогтеріне алғыс хаттар, қатысушыларға сертификаттар 2019 жылғы 1 қараша күні [www.dshk.kz](http://www.dshk.kz) сайтына орналастырылады немесе өтініште көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.

2.4. Байқауға қабылданған жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

2.5. Байқауға қатысу үшін [metodootdeldsh@mail.ru](mailto:metodootdeldsh@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;

2) электрондық түрде байқауға қатысатын жұмыс.

### **3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар**

3.1. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 7-17 жастағы білім алушылары қатыса алады:

кіші жас санаты: 7-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

жоғары жас санаты: 15-17 жас.

3.2.. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

Times New Roman - шрифтінде, А4 форматында, 14 шрифт өлшемі, интервал - 1, барлық жолдар - 2 см). Ұсынылған жұмыстың көлемі титул парағысыз 2 беттен аспауы тиіс.

3.3. Әр қатысушыдан жалғыз жұмыс қабылданады.

3.4. Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

- конкурс тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;
- тақырыптың дәйектілігі мен толықтығы;
- қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- авторлық мәтінді және жазбаша мәдениетін жүйелі түрде көрсетуі.

3.5. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбаған болуы тиіс.

### **4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

4.1. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері әр жас категориясы бойынша I, II, III дәрежелі диплом иегерлерін анықтайды. Байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

4.2. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.dshk.kz](http://www.dshk.kz) сайтында орналыстырылады.

Анықтама телефоны: 8(7172) 32-82-63, 32-85-17

## Қосымша 1.

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекенжайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7